



## "Turn It Around: Орталық Азия климаттық карталар жинағы" жобасы шеңберінде Орталық Азия елдерінің жастарына арналған байқау

Климаттың өзгеруіне қатысты қиындықтарды сурет өнері мен жазба мәтін арқылы қайта қарастыратын бірегей климаттық карталар жинағын жасауға үлес қосыңыз! Егер сіз Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан немесе Өзбекстан азаматы болсаңыз, экологиялық проблемаларға өз көзқарасыңызды білдіріп, оларды шешу жолдарын ұсына аласыз. Сіздің дауысыңыз осы шығармашылық жобаның бір бөлігі болуы мүмкін!

Caps Unlock Орталық Азия талдау орталығы ЮНЕСКО-ның өңірлік кеңсесімен (Алматы) және климаттық білім беру жөніндегі Орталық Азия альянсымен (ЦАКО) серіктестікте "Turn-it-Around: Орталық Азия климаттық карталар жинағы" жобасы шеңберінде идеясы бар балалар мен жастарды байқауға қатысуға қуана шақырады.

**Жобаның мақсаты** – климаттың өзгеруіне қатысты қоғамның реакциясын сурет өнері мен жазба мәтін арқылы қайта қарастыратын бірегей климаттық карталар жинағын әзірлеу. Жоба Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан жастарын экологиялық проблемалар мен шешімдерге деген көзқарастарын көрсететін материалдар жасауға тартуға бағытталған.

### Байқауға шолу

#### *Материалдардың тақырыбы:*

- Энергия өндірісінің климаттың өзгеруіне әсері (Климат және Энергия)
- Климаттың өзгеруінің Орталық Азиядағы сумен жабдықтау, азық-түлік өндірісі және экожүйеге әсері
- Барлық тіршілік иелері мен олардың өзгеріп жатқан тіршілік ету ортасы арасындағы байланыс (адамның табиғатпен байланысы және оның қоршаған ортаға әсері)
- Қауымдастықтардың өмірі және олардың айналасындағы табиғатпен үйлесімділігі
- Климаттың өзгеруі және биоәртүрлілік (флора мен фауна)

- Климаттың өзгеруін бәсеңдету үшін не істей аламыз
- Табиғи экожүйелердің маңызы
- Жастардың климаттық белсенділігі
- Табиғи апаттар және Біз
- Әрқайсысымызға арналған тұрақты өмір салты

#### *Қатысу шарттары:*

- Мектепке дейінгі ұйым балалары, қалалық және ауылдық мектеп оқушылары, университет студенттері және Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген жас белсенділер. Жасы - 25 жасқа дейінгі аралық. Біз ұлдар мен қыздардың тең қатысуын құптаймыз.
- *Байқау екі санатта өткізіледі:*
  - ⇒ Шығармашылық жұмыстар (сурет, фотосурет, мандала және коллаждар)
  - ⇒ немесе климаттық мәселелерге деген көзқарасты көрсететін мәтіндер
- Жұмыстар қазақ, орыс, тәжік, қырғыз, өзбек және ағылшын тілдерінде қабылданады
- Әр автордан 1 дана ғана жұмыс қабылданады

#### *Маңызды күндер:*

1. Жұмысты әзірлеу және тапсыру **2024 жылғы 1 қарашадан 2025 жылғы 31 қаңтарға** дейін
2. **2025 жылғы 1 ақпаннан 30 наурызға** дейін карталарды соңғы іріктеуден өткізу

#### *Өтінімдерді беру тәртібі:*

*Байқау жұмыстарын дайындауда жасанды интеллектті пайдалануға қатаң тыйым салынады!!!*

1. [https://capsunlock.org/?page\\_id=1026u0026lang%3Dkk&lang=kk](https://capsunlock.org/?page_id=1026u0026lang%3Dkk&lang=kk) сілтемесі бойынша немесе **QR код** арқылы онлайн өтінімді толтырыңыз.



2. Суретті немесе мәтінді тіркеңіз. Төмендегілерге назар аудару керек:  
**Шығармашылық жұмыстар** JPEG немесе PNG форматында (20 мб дейін), минималды ажыратымдылығы 2800 x 3500 пиксель (портреттік форматта болғаны

абзал) және тығыздығы 300 DPI болуы керек. Барлық жұмыстар (фотосуреттерден басқа) сканерленуі керек.

**Мәтін:** мына тілдердің бірінде шағын мәтін (көп дегенде 150 сөз) ұсынылуы керек: қазақ, тәжік, қырғыз, өзбек, орыс немесе ағылшын.

*№1 қосымшада* шығармашылық жұмыстар мен мәтіндерді жасауға арналған кеңестер/нұсқаулар берілген.

**Қазақстандағы байланыс тұлғасы:** Мәдина Нуржанова, **email:**

[mnurzhanova@capsunlock.org](mailto:mnurzhanova@capsunlock.org), **тел:** WhatsApp (9.00-18.00) +7 701 395 6756

*Бағалау критерийлері:*

1. Жұмыстың өзіндік ерекшелігі, тұжырымдамасы және эстетикалық құндылығы
2. Мәселенің белгілі бір аймақ немесе ел үшін өзектілігі
3. Жергілікті мәдениетке, дәстүрлерге және ұлттық ерекшеліктерге сәйкестік

*Финалистерге арналған сыйлықтар:*

Сіздің авторлығыңызды және халықаралық жобаға, сондай-ақ бірегей карталар жинағына қосқан елеулі үлесіңізді растайтын халықаралық сертификат.

Қорытынды жұмыстар білім беру ұйымдарында, сондай-ақ ұлттық саясат деңгейінде климаттық өзгерістерді оқыту және талқылау үшін пайдаланылатын "Turn It Around: Орталық Азия климаттық карталар жинағы" деп аталатын бірегей климаттық карталар жинағына енгізіледі.

## Шығармашылық жұмыстарды жасауға арналған кеңестер /нұсқаулар

- Айналаңызда жиналып қалған табиғи немесе тасталған материалдарды пайдаланып көркем шығарма (мәтін) жазыңыз және сапалы фотосурет түсіріңіз
- Өзіңіздің табиғатпен, аспанмен, жермен байланысыңызды білдіретін сурет салыңыз немесе бейнелеңіз
- Климат пен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жастардың немесе қоғамдық акциялардың фотосуреттерімен бөлісіңіз
- Өзіңіздің ең керемет оқу кеңістігінде елестетіп көріңіз: қай жерде оқып жүрсіз? не үйреніп жүрсіз? кіммен оқып жүрсіз?
- Сізге немесе сіздің қоғамдастыққа климаттың өзгеруі туралы түсінігіңізді көрсететін көркем шығарма (мәтін) жазыңыз
- Жер планетасында қолайлы болатын болашақ өмірге үлес қосу үшін сіз, сіздің мектебіңіз немесе қоғамдастық жасай алатын қадамдарды немесе әрекетті елестетіңіз
- Климаттың өзгеруіне байланысты тіршілік етуіне қауіп төніп тұрған кез келген тіршілік иесін (өсімдік, жануар, жәндік) суреттеңіз немесе бейнелеңіз.
- Экологиялық немесе климаттық апаттан қалай зардап шектіңіз? Одан кейін сіз қандай сезімде болдыңыз?

## Мәтіндерді құруға арналған кеңестер

- Өмір сүре алуымызды және планетамыздың өркендеуін қамтамасыз ету үшін қандай нәрселерді білуіміз керек?
- Сіздің болашағыңыз туралы шешім қабылдаған кезде саяси көшбасшылар нені білуі (немесе есте сақтауы) керектігін оларға айтыңыз
- Климаттық білім беру қазіргі оқу бағдарламасына нәліктен бүгін енгізілуі керек екендігін түсіндіріңіз
- Мектепте үйрене алмайтын, бірақ табиғаттан біліп үйренуге болатын нәрсе туралы айтыңыз
- Ата-бабаларыңыздан/мәдениетіңізден алған және болашақ ұрпаққа жалғағыңыз келетін нәрсе жайында айтыңыз
- Саясаткерлерге "үйреншікті емес мұғалімдеріңіз" туралы айтыңыз (мысалы, жануарлар, өсімдіктер, табиғат, ата-бабалар, технологиялар және т.б.). Олар сізге не үйретеді және оны қалай үйретеді?
- Климатты қорғау мақсатында әрекет етуіңізге сізге не түрткі болғанын жазыңыз. Белгісіз болашақпен бетпе-бет келген кезде үміт көзін қайдан табатыныңызды басқа жастарға түсіндіруге осы нәрсенің қалай көмектесетіні туралы ойланыңыз

- Халық әдебиетінен, өлеңнен, пьесадан немесе әңгімеден үзінді, дәйексөз табыңыз. Бұл сіздің қоғамдастық пен табиғат, қоршаған ортаны қорғау және климат арасындағы мәдени немесе тарихи байланыс жайында не айтатынын түсіндіріңіз.
- Экологиялық немесе климаттық апаттан қалай зардап шектіңіз? Одан кейін сіз қандай сезімде болдыңыз?